



**ЭТАНОЛ БУЛАРЫНЫҢ АНАЛИЗАТОРЫ  
(алкотестер) модель FiT239-Color**

**ТӨЛҚҰЖАТ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША  
НҰСҚАУЛЫҚ**

**МАҢЫЗДЫ:** Көптеген факторлар (мысалы, қоршаған ортадағы газ тұнбасы, түтін және адам аузындағы әр түрлі иістер және т.б.) қандағы алкоголь концентрациясының өзгеруіне әкелуі мүмкін, сондықтан, көрсеткіштер шамаланған болуы мүмкін.

Дистрибьютор және өндіруші нақты құрылғыны пайдалану кезінде туындаған зиян үшін жауапкершілік артпайды.

**Көлік жүргізу алдында ішімдік пайдаланбаңыз!**

## Мазмұны

Негізгі ғылыми қағидалар .....	3
Техникалық қызмет көрсету.....	3
Пайдалану жағдайлары .....	3
Қосу/сөндіру.....	4
Аккумуляторды қуаттау.....	4
Жұмыс тәртібі .....	5
Жылдам старт .....	5
Қалыпты тест .....	5
Өлшеулер журналы.....	7
Жүйелік ретке келтірулер .....	8
Датасы және уақыты .....	9
Ерекшелік .....	9
FiT алкотестерін қай жиілікпен калибрлеу қажет? .....	10
Жеткізілім жинағы .....	10
Төлқұжат.....	11

Біздің Fuel Cell FiT239-Color датчигі дем шығарған кездегі ауадағы алкогольдің кәсіби сандық анализаторды сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз! Алкотестердің бұл үлгісі сандық түрде дем шығару кезіндегі алкогольдің нақты құрамын және сәйкесінше, мастанудың мүмкін дәрежесін анықтайды. Нақтылықтың жоғары дәрежесіне жету үшін пайдаланушы нақты нұсқаулықпен танысуы тиіс. FiT239-Color кез келген пайдалану толық түсінуді және осы нұсқаулықты қатаң ұстануды талап етеді.

### 1. Тағайындалуы.

FiT239-Color үлгісіндегі этанол буларының анализаторы дем шығару кезіндегі ауадағы этанол буларының жаппай концентрациясын жедел өлшеуге арналған.

Анализатор портативті автоматты құрал болып табылады.

### 2. Пайдалану жағдайлары.

- қоршаған орта температурасының диапазоны: минус 10°C бастап плюс 40°C дейін;
- қоршаған ортаның салыстырмалы ылғалдылығы: 20 °C кезінде 95 % дейін;
- атмосфералық қысым диапазоны: 84,0 бастап 106,7 кПа дейін.

### Сақтандыру шаралары:

\* Нақты құралдың жоғары температуралы, жоғары қысымды және жоғары ластану дәрежесіндегі ортада болуына жол бермеу.

\* Құрал корпусының соғылуына, әсіресе, TFT-дисплейге күшпен басуға жол бермеу.

- \* Құралды бөлшектемеу және құралдың бетін тазарту үшін спиртті, еріткіштерді немесе бензинді және олардың басқа құрауыштарын пайдаланбау.
- \* Сымсыз құрылғыларды пайдалану тыйым салынған орындарда пайдаланбау.
- \* Жеңіл тұтанатын және жарылыс қаупі бар жайларда пайдаланбаңыз.
- \* Сенсорлық экранды калибрлеу кезінде стилусты пайдаланыңыз.
- \* Құралды алғаш пайдаланудан бұрын жеткізілім жинағына кіретін қуаттау құрылғысын пайдалана отырып, оны толық қуаттау ұсынылады.
- \* Құралды алкоголь буларының жоғары концентрацияларының әсеріне ұшыратпаңыз – оған спиртке малынған мақта арқылы үрлеуге немесе спирттік ішімдіктер пайдаланудан кейін үрлеуге болмайды. Ол сенсордың зақымдануы мен кепілдік міндеттемелерді жоғалтуға әкеліп соғады.

### **Тестіленетін адам үшін шарттар**

- \* Алдымен құрылғыны пайдаланудан бұрын ауызды сумен немесе алкогольсіз сусынмен шаю қажет. Шылым шегуден (10 минут ішінде) немесе алкоголь тұтынудан (кем дегенде 15 минут) тартыныңыз. Ауыздағы алкоголь қалдықтарын спрейлер, дәрілер және тамшылар, сондай-ақ, кекіру және лоқсу күшейтуі мүмкін. Сынақ алдында бір қалыпты және әдеттегідей тыныс алыңыз.
- \* **Маңызды:** Тест өткізу алдында тамақ ішпеу, алкоголь ішпеу және шылым шекпеу. Осы ережелерді орындамау нәтижені нашарлатуы және құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- \* **ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:** Көлік жүргізу алдында алкогольді тұтынбаңыз – бұл жағдайда қауіпсіздік деңгейі нөлге тең.

### **3. Негізгі ғылыми қағидалар**

Fuel Cell датчигі бар құрылғы платина мен этанол молекулаларының электрлі химиялық реакциясына негізделе отырып, өлшеулердің ең сенімді және тұрақты нәтижелерін шығарады.

**Назар аударыңыз!** Пайдаланудан бұрын бұл нұсқаулықты оқу қажет.

#### **Тиісті пайдалану немесе зақымдану үшін жауапкершілік**

FiT239-Color ешқашан бөлшектемеңіз. Кепілді міндеттемелер келесі жағдайларда таралмайды:

- Бұрандалардың босауы;
- Кепілдік жапсырмасының бүтіндігінің бұзылуы;
- Құрылғыға FiT Сервистік орталығының маманы уәкілеттендірілген қызметкерлер болып табылмайтын тұлғалардың қызмет көрсетуі;
- Құрылғының тағайындалуы бойынша пайдаланылмауы.

### **4. Техникалық қызмет көрсету**

FiT239-Color жөндеу/техникалық қызмет көрсетуді тек FiT Сервистік орталығымен уәкілеттендірілген білікті маман іске асыруы тиіс. Техникалық қызмет көрсету үшін тек FiT түпнұсқалы қосалқы бөлшектері ғана пайдаланыла алады.

#### **Пайдалану жағдайлары**

##### **Жалпы ережелер**

- Әрбір зерттелетін адам үшін жаңа мүштікті пайдаланыңыз.
- Қоршаған ауада алкоголь және еріткіш (зарарсыздандырушы зат) буларының жоқтығына көз жеткізіңіз.
  - Алкогольдің жоғары концентрациясының сенсорға жақындауына жол бермеңіз. Ол, мысалы, өлшеу алдында алкогольді пайдалану, құрамында алкоголь бар тамақ жеу немесе ауыз қуысын құрамында спирт бар шайғышпен шаю.
  - Ұялы телефон антеннасынан, электрлі магнитті толқындардан, радиотолқындардан және таратқыштардан алыс ұстау.

#### 4. Сыртқы түрі және басқару органдары.



#### 5. Қосу/сөндіру



Құрылғының артқы панеліндегі батарея бөлігінің қақпағын жылжытыңыз. Батарея бөлігіне аккумулятор батареясын орнатыңыз. Құралды қосу үшін, 1-3 секунд басулы ұстаумен «ОК» батырмасын басыңыз, содан кейін негізгі интерфейске кіресіз. Анализаторды сөндіру үшін «Оңға» батырмасын басып, 3 секунд ішінде басулы ұстаңыз.

#### 6. Аккумуляторды қуаттау



Батарея қуаты тым төмен болған кезде (25% кем), тестілеу тәртібінде қуаттау қажеттілігі туралы ескертуші хабарлама пайда болады. Қоса берілетін қуаттау тоқсымының көмегімен батареяны дереу қуаттаңыз. USB-тоқсымды FiT239-Color ұясына қосыңыз, құрылғыны қосу және батарея қуатталуын активтендіру үшін «ОК» батырмасын басыңыз және 3 секунд ішінде басулы ұстаңыз.

## 7. Жұмыс тәртібі

(Операциялар үшін пайдаланушы қарапайым батырмаларды, сондай-ақ, сенсорлық экранды пайдалана алады.)

### 7.1. Жылдам тест


#### 7.1.1 Жаңа мүштікті дұрыс бағдарлауда орналастырыңыз.

#### 7.1.2. Басты мәзірдегі «Жылдам тест» белгісін басыңыз.



Нақты тәртіпте тыныс алу сынамаcын іріктеудің екі тәсілі бар.

- ① Қолмен тестілеу: СК-дисплейде «Дайын» көрсетілгенде, тыныс сынамаcының үлгісін алу үшін, «ОК» батырмасын басыңыз (немесе «Жылдам тест» басыңыз).
- ② Камера тесігіне мүштікті орналастырыңыз. Мүштікке үрлеңіз, содан кейін үздіксіз дыбыс түріндегі хабарлау естіледі.




Егер дем шығару тым әлсіз немесе ұзақтылығы жеткіліксіз болса, дисплейде «Тым аз!» хабарламасы пайда болады. «ОК» батырмасын басу арқылы хабарламаны растаңыз, содан кейін басты мәзірге қайтады.

Егер дем шығару үлгісі сәтті қабылданса, дисплейде «Дем шығарыңыз ... Анализ» пайда болады. Құрал дем шығару үлгісін талдап, тест нәтижесі анализден кейін дисплейде көрсетіледі.

Тағы бір тестті бастау үшін «ОК» басыңыз немесе басты мәзірге қайту үшін «Қайту» белгісін басыңыз. Әрбір сынақтан кейін мүштікті шешіп, жаңасына ауыстырыңыз.

### 7.2. Қалыпты тест



Қалыпты тест барлық толық ақпаратты енгізуді талап етеді (мысалы, жол полициясының пайдалануы үшін).

Пайдаланушы тестілеу алдында пайдаланушының атын және автокөліктің тіркеу нөмірін енгізуі мүмкін.

«Қалыпты тест» белгісіне басып, тестілеу тәртібіне кіріңіз.

Алфавитті немесе навигациялы батырмаларды пайдалана отырып, жүргізушінің Т.А.Ә. енгізіңіз және таңдауды растау үшін «ОК» басыңыз



Алфавитті және сандарды немесе навигациялы батырмаларды пайдалана отырып, көлік құралының тіркеу нөмірін енгізіңіз және таңдауды растау үшін «ОК» басыңыз.



Барлық ақпаратты енгізуден кейін Тест өлшеу шарасына кіріседі.



Мүштікті кіріс тесігіне орнатыңыз. Дисплейде «Дайын» хабарламасы пайда болған кезде үздіксіз дыбыс сигналы естілгенше, 6 секунд ішінде бір қалыпты үрлеңіз.




Егер дем шығару тым әлсіз немесе қысқа болса, дисплей сәйкес хабарламаны көрсетеді. Хабарламамен танысқаннан кейін мәзірге қайту үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

Егер дем шығару үлгісі сәтті қабылданса, дисплейде «Анализ» пайда болады. Құрал дем шығару үлгісін талдап, тест нәтижелері талдаудан кейін дисплейде көрсетіледі.

Тест нәтижесін оқу жүргізіліп жатқан уақытта нәтижені басып шығару үшін құрылғыны принтерге қосуға немесе басты мәзірге қайту үшін «Қайту» белгісін басуға болады.

2.8 Тест нәтижесінде тест нөмірі, күні, алкоголь концентрациясы, құрылғы атауы және т.б. ақпарат бар. Принтерді қосудан кейін тест жазылымын басып шығару үшін «Басып шығару» батырмасын басыңыз.




\*Ескерту. Принтер міндетті болып табылмайды! Нақты анализатормен пайдалану үшін жарамды термопринтер және матрицалық принтерді қараңыз.

Әрбір өлшеуден кейін мүштікті шешіп, жаңасына ауыстырыңыз.

## 8. Өлшеулер журналы.



- 2.1. «Жоғары» немесе «Төмен» белгілерін басып арқылы барлық жазбаларды қарау.
- 2.2.«Басып шығару»: тест жазбасын басып шығару үшін құрылғыны принтерге қосыңыз.



«Жою»: барлық жазбаларды жою.


«Шығу»: интерфейстің басты мәзіріне қайту.

## 9. Жүйелік ретке келтірулер (тек Сервистік орталық үшін қолжетімді):



Мәзірде «Systemsetting» таңдаңыз, әкімшінің құпия сөзін енгізіңіз. Содан кейін келесі тармақтары бар ішкі мәзір көрсетіледі: «Date&time» (Датаны және уақытты орнату), «PoweroffTime» (Сөндіру уақытын ретке келтіру), «AlarmLevel» (Хабарлау деңгейі), «AlcoholUnit» (Нәтижені көрсету бірліктерін орнату), «mg/lsetting» (Өлшем бірліктерінің ара қатынасын ретке келтіру), «TouchCalibration» (Сенсорлық экранды калибрлеу), «TestData» (Тест датасы).






### 9.1. Датаны және уақытты орнату

Ағымдағы датаны және уақытты орнатуға болады



### 9.2. Қуатты сөндіру уақытын ретке келтіру


Құрылғының автоматты сөндірілуін орнатыңыз. Оңтайлы уақыт – 3 минут.



### 9.3. Нәтижені көрсету бірліктерін орнату


Өлшем бірліктерін промилле (‰ ВАС), пайызбен (% ВАС), мг/л және мг/100 мл көрсету. Мысалы, егер Сізге ‰ ВАС бірлігін таңдау қажет болса, 003 сандарын теріп, ретке келтірулерді сақтау үшін, «Save» басыңыз.






#### 9.4. Қандағы алкогольдің жоғары құрамын көрсетудің шегін орнату

Келесі мәндерді таңдау мүмкіндігі: BAC2 (0,2%ВАС), BAC3 (0,3%ВАС), BAC5 (0,5%ВАС) және BAC8 (0,8 %ВАС)





#### 9.5. «мг/л» өлшем бірлігін ретке келтіру

Өлшем бірліктерінің ара қатынасы (промиллеге қатысты мг/л): 2.0, 2.12.2 немесе 2.3.



**9.6. Сенсорлық экранды калибрлеу.** Егер сенсорлық экран дәл емес немесе қатемен жауап қайтарса, сенсорлық экранға калибрлеу жүргізу қажет. Егер сенсорлық экран дәлділігі бұзылған болса, экранды жүйелік ретке келтірулер тәртібінде басып, 5 секунд ішінде басулы ұстаныңыз, бұл жағдайда ол автоматты түрде сенсорлық экранды калибрлеу мәзіріне ауысады. Бес «+» қызыл таңбасына қолыңызды тигізіңіз. Орнатудан кейін экран автоматты түрде негізгі мәзірге қайтады

#### 9.7. Датасы және уақыты – Ағымдағы датаны және уақытты көрсетеді.



## 10. Ерекшелік

1. СК-экран: сенсорлық панелі бар 2,4 дюймдік TFTQVGA дисплей.
2. Диапазон: 0,0 бастап 4,0 %о ВАС дейін.
3. Өлшеу дәлділігі: Өлшеудің стандартты ауытқуы  $\pm 0,05$  %о ВАС немесе  $\pm 5$  %о ВАС. Қозғалу: әдетте айына өлшенетін шамадан  $<0,8\%$ .
4. Кернеу: Алмалы аккумуляторлық Li-Ionбатарея 3,7 В.
5. Жұмыс температурасы: оңтайлы жұмыс үшін  $-10$  °С бастап  $+40$  °С дейін.
6. Құрылғы габариттері:  $\sim 128 \times 62 \times 30$  мм
7. Стандарттар: CE / EMC
8. Таза салмағы: 200 г. (батареясыз)

## 11. Жеткізілім жинағы.

1. Этанол буларының анализаторы – 1 дн.,
2. 220В желісінен қуаттау құрылғысы – 1 дн.,
3. USB (қуаттау) тоқсымы – 1 дн.,
4. Мүштік – 2 дн.,
5. Аккумуляторлық батарея – 1 дн. (анализатор ішінде),
6. Пайдалану бойынша нұсқаулық -1 дн.,
7. Пластикалық кейс – 1 дн.

\* Жеткізілім жинағы тауар топтамасына байланысты және сатып алушымен келісім бойынша өзгеруі мүмкін.

## 12. Анализаторды қай жиілікпен калибрлеу қажет?

FiT анализаторы әрбір 12 ай сайын калибрлеуді қажет етеді. Құралды жиірек пайдалану жағдайында (үлкен жүктемемен) анализаторды жиірек калибрлеу қажет. D/N31051 халықаралық нормаларына сай, өлшеудің жоғары дәлділігін сақтау үшін, біз калибрлеуді әрбір 12 ай сайын немесе пайдалану жағдайларына қарай жиірек жүргізуді ұсынамыз.

Назар аударыңыз! Тестілеуден 20 минут бұрын шылым шегуден, алкоголь ішуден тартынған өте маңызды. Бұл ережені бұзу құралдың өлшеуіш сенсорының қызмет мерзімін айтарлықтай қысқартуы мүмкін. Мұндай жағдайларда сенсор саптан шығуы немесе жиірек калибрлеуді қажет етуі мүмкін. Құрылғыны пайдаланудан бұрын нақты нұсқаулықты мұқият оқыңыз.

**Маңызды: Көптеген факторлар (мысалы, қоршаған ортадағы газ тұнбасы, түтін және адам аузындағы әр түрлі иістер және т.б.) қандағы алкоголь концентрациясының өзгеруіне әкелуі мүмкін, сондықтан, көрсеткіштер шамаланған болуы мүмкін. Дистрибьютор және өндіруші нақты құрылғыны пайдалану кезінде туындаған зиян үшін жауапкершілік артпайды.**

**Көлік жүргізу алдында ішімдік пайдаланбаңыз!**

Жеткізуші (импорттаушы): «Медицинские Газовые Системы» ЖШС. Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Көктем-2 шағын ауданы, 11А үйі, 3 кеңсе, тел. 8(727) 387-20-31, 8(727) 262-20-83.

[www.alcotester.kz](http://www.alcotester.kz)

Қазақстан Республикасындағы Сервистік орталық: «Agilent Service» ЖШС («Эджилент Сервис»),  
Веб-сайт: www.alcotester.kz; сайтта өзекті ақпарат және құжаттама қолжетімді. Эл. пошта:  
info@alcotester.kz.

## БҰЙЫМ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бұйымның атауы: **FiT239-color** үлгісіндегі дем шығару кезіндегі ауадағы этанол буларының анализаторы (алкотестер)

FiT239-Color үлгісіндегі FiT анализаторы ҚР Өлшеу құралдарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген, тіркеу № KZ.02.02.04286-2014, 30.10.2014 ж. № 11264 өлшеу құралдарының түрін бекіту туралы сертификаты бар

Сериялық нөмірі: \_\_\_\_\_

Өндіруші кәсіпорын: **First Innovative Technology Group Ltd** компаниясы, ҚХР, Гонконг.

Өндірілген күні: айы \_\_\_\_\_, жылы \_\_\_\_\_

Сату датасы: «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_

Кепілдік мерзімі: босату датасынан бастап 6 ай.

Кепілдікті ұсыну шарттары Тауарды қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі.

Сатушы ұйым мөртабаны:

МО